



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201_ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента

«__» _____ 201_ года

№ _____

№ исх: ДС-85 от: 13.04.2018

Жарияланды 11.04.2018

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Сулейменов Т.М**

Депутаттық сауал

Құрметті Тимур Муратұлы!

«Ақ жол» демократиялық партиясының депутаттық фракциясы 2016 жылғы 19 қазанда Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мұқтаждықтары үшін қажетзаттай мүлікті жеткізу барысындаорын алған бәсекелестікті заңсыз шектеу фактілері туралы ҚР Ұлттық экономика министрлігіне (әрі қарай - Министрлік)арнайы депутаттық сауал жолдаған болатын.

Атап айтқанда, депутаттық сауалда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен еліміздің Қарулы Күштерінің қажеттіліктері үшін әскери-техникалық, соның ішінде заттай мүлікті жеткізу бойынша мемлекеттік қорғаныс тапсырысының жалғыз орындаушысы ретінде анықталған «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» Акционерлік Қоғамының заттай мүлікпен қамтамасыз ету бойынша ең ірі сатып алудағы барлық тапсырысты «Жасампаз» консорциумынабере салғаны жөнінде мәселе көтерілді. Ал, ол болса өз кезегінде оны тек өзінің мүшелеріне ғана таратып отырған. Сондай-ақ, өндіріс желісінде бір-бірімен өзара еш байланысы жоқ, бірлескен іс-шараларды тек келісілген іс-әрекеттерді жүргізу туралы уағдаластық аясында өткізіп отырған бірең-сараң тауар өндірушілер ғана «Жасампаз» консорциумының мүшелері қатарында болғаны да белгілі болды.

Осылайша, аталмыш консорциум тоқыма өнімдерін жеткізетін әлеуетті отандық тауар өндірушілердің құқығын шектеді. Бұл әділ әрі адал бәсекелестікті шектеуге және компаниялардың бір тобының нарықта

жасанды үстемділік жағдайын қалыптастыруға алып келді. Нақтырақ айтсақ, еліміздегі Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары қауымдастығының 80-нен астам мүшесі осы аталған мемлекеттік қорғаныс тапсырысының орындалуына қатыса алмады.

Біздің сұрау хатымызға берген ресми жауабында Министрлік Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің іс-әрекеттерінде бәсекелестікті шектеуге бағытталған мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл белгілері болуы мүмкін екендігін, сондай-ақ егер Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетімен (бұдан әрі - Комитет) белгілеген жағдайда аталған мемлекеттік органға қатысты тергеу ісі жүргізілетінін атап көрсеткен.

Бұдан басқа, Министрлік берген жауапта «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының іс-әрекеттерінде осы нарықта бәсекелестікті шектеуге қатысты үстемдік немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану белгілері болуы ықтимал екендігі де көрсетілген. Осыған байланысты, Комитет тауар нарығына талдау жүргізу мәселесін қарастырып, егер заңға қайшы қандай да бір бұзушылық анықталған жағдайда, аталмыш компанияның қызметі Қазақстан Республикасының Іскерлік кодексінің 174-бабында көзделген белгілердің болуы немесе болмауын анықтау үшін тексерілуі тиіс.

Сонымен қатар, айта өткен жөн, Министрлік барлық тексеру жұмыстарының аяқталуы туралы қосымша ақпарат береміз деп тиісті уәдесін берген еді.

Алайда, дәл бүгінгі күнге дейін ешқандай ақпарат келіп түскен жоқ. Бұл мәселе төңірегінде тіл қатпады.

Осыған орай, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға сәйкес депутаттық сауалға жауап қайтару мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына ресми түрде қойылған талап болып саналады, яғни Парламент сессиясында тиісті органның немесе лауазымды тұлғаның өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нақты түсініктеме беруге немесе ұстанымын мәлімдеуге тиіс екенін ескерткіміз келеді. Сондықтан да, сауал жолданған әрбір лауазымды тұлға қойылған сұраққа Парламент сессиясында ауызша немесе жазбаша түрде жауап беруге міндетті еді.

Сонымен бірге, депутат өтінішке берілген жауапқа қатысты өзінің көзқарасын білдіруге құқылы екені де белгілі.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, / «Ақ жол» демократиялық партиясының фракциясы / бұл депутаттық сауалды / қайта жолдай отырып, / белгілі болған заң бұзушылықты жою мақсатында / бүгінгі күні жүзеге асырылып жатқан іс-шараларды / нақты көрсете отырып, / Министрліктің толық / және жан-жақты жауап беруін талап етеді.

**Құрметпен, «Ақ жол»
ҚДП фракциясының депутаттары**

Д.Еспаева

А. Перуашев

Е. Никитинская

К. Абсатиров

Б. Дюсембинов

Е. Барлыбаев

М. Казбекова

*Орынд: Р. Хаматханова
Тел: 74 63 64*

Оглашен 11.05.2018

**Министру Национальной
экономики Республики Казахстан
Сулейменову Т.М**

Депутатский запрос

Уважаемый Тимур Муратович!

Депутатской фракцией ДПК «Ак жол», 19 октября 2016 года, был озвучен депутатский запрос, адресованный Министерству национальной экономики РК (далее-Министерство), о фактах неправомерного ограничения конкуренции при поставках вещевого имущества для нужд Министерства обороны Республики Казахстан.

В частности, в депутатском запросе поднимался вопрос о том, что АО Национальная компания «Казахстан инжиниринг», определенная Постановлением Правительства РК единственным исполнителем государственного оборонного заказа по поставке военно-технического, в том числе вещевого имущества для нужд Вооруженных сил Казахстана, отдавала все заказы по вещевому обеспечению - Консорциуму «Жасампаз», который в свою очередь распределял их среди своих членов. Также было отмечено, Консорциум «Жасампаз» имел в своих членах лишь несколько товаропроизводителей, которые не являлись связанными между собой по производственной линии, а осуществляли совместную деятельность по договоренности о проведении согласованных действий.

Таким образом, Консорциум ограничил права других отечественных товаропроизводителей из числа потенциальных поставщиков текстильной продукции, что привело к ограничению справедливой конкуренции и искусственному формированию доминирующего положения на рынке одной группы компаний. В частности, свыше восьмидесяти членов Ассоциации предприятий легкой промышленности РК не смогли принять участие в исполнении указанного государственного оборонного заказа.

В своем ответе на наш запрос, Министерство указало, что в действиях Министерства обороны РК могут содержаться признаки антикоррупционных

действий государственных органов, направленных на ограничение конкуренции и в случае их установления Комитетом по регулированию естественных монополий и защите конкуренций (далее-Комитет) будет начато расследование в отношении данного государственного органа.

Помимо этого, Министерством также указывалось, что в действиях АО Национальная компания «Казахстан инжиниринг» могут содержаться признаки злоупотребления доминирующим или монопольным положением, в части ограничения конкуренции на этом рынке. В связи с чем, Комитетом рассматривается вопрос о проведении анализа товарного рынка и в случае выявления нарушений, деятельность указанной компании будет подлежать рассмотрению на предмет наличия или отсутствия признаков, предусмотренных статьей 174 Предпринимательского кодекса РК.

При этом Министерство обязалось предоставить дополнительную информацию по результатам завершения всех проверочных мероприятий.

Однако по сегодняшний день никакой информации так и не поступало.

В этой связи, хотим напомнить, что в соответствии с Конституционным законом «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов», депутатский запрос является официально обращенным требованием к должностным лицам государственных органов дать на сессии Парламента обоснованное разъяснение или изложить позицию по вопросам, входящим в компетенцию этого органа или должностного лица. В свою очередь должностные лица, к которым обращен запрос, обязаны дать по нему устный или письменный ответ на сессии Парламента.

Вместе с тем, депутат вправе выразить свое отношение к ответу на запрос.

Учитывая вышеизложенное, фракция ДПК «Ак жол» повторно обращается с депутатским запросом и настаивает на предоставлении полного и исчерпывающего ответа, с указанием конкретно принятых мер по выявленным нарушениям.

**С уважением,
Депутаты фракции ДПК «Акжол» Д.Еспаева**

А. Перуашев

Е. Никитинская

К. Абсатиров

Б. Дюсембинов

Е. Барлыбаев

М. Казбекова

исп: Р. Хаматханова
Тел: 74 63 64